

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ  
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ**

**2026 жылғы 14 мамыр**

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары және отырысқа қатысушылар! Жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Сенат отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі бірінші мәселе «Қазақстан Халық Кеңесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасы бойынша Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының бірлескен комиссиясының құрамына Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарын сайлау туралы.

Тиісті қаулының жобасы сіздерде бар.

Құрметті әріптестер, сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса шешім қабылдайық. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі Қапбарова Айгүл Жарылқасынқызына беріледі.

ҚАПБАРОВА А.Ж. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Сіздердің қарауларыңызға «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы ұсынылып отыр.

Мемлекеттік наградалар жүйесі мемлекеттің құндылықтық бағдарын айқындайтын, қоғамға үлгі болатын еңбекті танытатын және азаматтық жауапкершілік мәдениетін қалыптастыратын маңызды институт. Сондықтан бұл саладағы әрбір өзгеріс, құқықтық сипаттағы түзету елдің рухани-идеологиялық басымдықтарын нақтылайтын маңызды саяси шешім ретінде қаралуы тиіс.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Ұлттық құрылтайдың екінші отырысында: «Әрбір орден-медальдің терең мағыналы әрі ерекше болуы, жұрт көңілінен шығатындай болуы өте маңызды. Сол үшін мемлекеттік марапаттар жүйесін халықтың жанына жақын әрі түсінікті етіп жасау қажет», – деп атап өткен болатын.

Осы заң Президент тапсырмасын орындау мақсатында әзірленді. Оның негізгі мақсаты – мемлекеттік наградалар жүйесін қазіргі қоғамдық сұраныстарға, ұлттық құндылықтарға және мемлекеттің ұзақ мерзімді даму басымдықтарына бейімдей отырып, мазмұндық тұрғыдан жаңғырту.

Заңдағы басты жаңалық – ордендер тізбесінің жаңа мазмұндағы наградалармен толықтырылуы. Атап айтқанда, «Al-Farabi», «Qoja Ahmet Yasaui» және «Мейірім» ордендерін енгізу көзделіп отыр.

«Al-Farabi» ордені білім мен ғылымда, мәдениет пен рухани өмір салаларында Қазақстан Республикасына сіңірген зор еңбегі және елеулі жетістіктері үшін беріледі. Бұл интеллектуалдық еңбекке, ғылым мен білімге, мәдени дамуға мемлекет тарапынан берілетін жоғары бағаның көрінісі.

«Qoja Ahmet Yasaui» ордені Қазақстан Республикасының дамуына ерекше еңбек сіңірген отандық және шетелдік ғалымдарды, мемлекет және қоғам қайраткерлерін, сондай-ақ мемлекеттілікті нығайтуға, қоғамдық-саяси, әлеуметтік, ағартушылық, мәдени және гуманитарлық салаларды дамытуға үлес қосқан азаматтарды марапаттауға арналған. Бұл орден еліміздің тарихи-рухани сабақтастығын, түркі өркениеті кеңістігіндегі мәдени және гуманитарлық байланыстардың мәнін айқындайды.

«Мейірім» ордені жоғары әлеуметтік жауапкершілік танытқан қайырымдылық қызметке, оның ішінде меценаттық немесе филантропиялық қызметке қомақты үлес қосқан азаматтарды наградтауға мүмкіндік береді. Бұл бастама қоғамдағы жанашырлық, ізгілік және ортақ жауапкершілік құндылықтарын институционалдық деңгейде қолдауға бағытталған. Сонымен бірге заңда ерекше жағдайларда айрықша көзге түскені үшін Мемлекет басшысының шешімімен наградтауды белгіленген мерзімдерді ескермей жүргізу мүмкіндігі көзделген. Бұл норма мемлекеттік наградалар жүйесінің икемділігін арттырып, ерекше еңбекті дер кезінде бағалауға жол ашады. Бұдан бөлек бірқатар баптарға редакциялық нақтылаулар енгізілді. Заң мүдделі мемлекеттік органдардың, сарапшылар қауымдастығының ұсыныстары және құқық қолдану тәжірибесі ескеріле отырып әзірленген.

Жалпы алғанда, ұсынылып отырған түзетулер мемлекеттік наградалар жүйесін мазмұндық жағынан күшейтеді. Олар қоғамға ғылым мен білімнің, руханият пен

мәдениеттің, мейірім мен әлеуметтік жауапкершіліктің мемлекеттік деңгейдегі құндылықтар екенін нақты көрсетеді.

Құрметті депутаттар! Аталған заң комитеттің кеңейтілген отырысында жан-жақты қаралды. Сенаттың тұрақты комитеттерінен бұл заң бойынша ескертулер мен ұсыныстар түскен жоқ. Осыған байланысты «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Сұрақтар жоқ.

Рақмет, Айгүл Жарылқасынқызы. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Рахметова Әсем Қалашбайқызына беріледі.

РАХМЕТОВА Ә.Қ. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Сіздердің қарауларыңызға ұсынылып отырған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Заң мемлекеттік наградалар жүйесін заман талабына сай жетілдіруге, қоғамдағы жаңа құндылықтар мен басымдықтарды ескеруге бағытталған.

Мемлекеттік наградалар – бұл ел алдындағы ерекше еңбекті, азаматтық ерлікті, ғылым мен мәдениеттегі, қоғамдық және қайырымдылық қызметтегі елеулі жетістіктерді мойындаудың жоғары нысаны. Сондықтан қолданыстағы заңнаманың уақыт талабына сәйкес жаңаруы маңызды.

Заңда бірнеше негізгі бағыт қамтылған. Мемлекеттік наградалар жүйесін нақтылау және жетілдіру көзделген. Атап айтқанда, бір құрметті атақты қайтара беру тәжірибесін болдырмау мақсатында 5-баптың нормасы нақтыланып отыр. Қазақстан Республикасының ордендер жүйесіне өзгерістер енгізіледі. Ордендер тізбесі жаңартылып, қоғам дамуының қазіргі басымдықтарын айқындайтын жаңа наградалар енгізілген. Заң нормаларымен әскери қызметшілерге, құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлеріне арналған наградалар нормалары жүйеленіп, олардың құқықтық сипаттамалары нақтыланған.

Медальдар тізбесі де оңтайландырылып, тек маңызы жоғары және қоғамда орныққан наградалар сақталып отыр. Бұл тек марапаттардың сыртқы бейнесін өзгерту емес, елдің құндылықтарын, тарихи санасын және қоғамдық дамуын көрсететін маңызды қадам. Мемлекеттік наградаларды жаңарту тәуелсіз мемлекеттің рухани және ұлттық болмысын нығайтады. Уақыт өткен сайын қоғамның көзқарасы, идеалдары мен басымдықтары

өзгереді. Сол себепті марапаттардың мазмұны мен рәміздері де заман талабына сай болуы қажет.

Жаңартылған наградалар қоғамдағы еңбекті әділ бағалауға ықпал етеді. Қазіргі кезеңде ғылым, білім, медицина, экология, цифрлық технология сияқты жаңа салалар қарқынды дамуда. Мемлекет осы бағыттарда ерекше еңбек еткен азаматтарды арнайы марапаттау арқылы жастарды еңбекқорлыққа, отансүйгіштікке және кәсіби жетістікке ынталандырады.

Мемлекеттік наградалардың жаңаруы әділдік пен ашықтық қағидаларын күшейтуге көмектеседі. Егер марапат беру жүйесі қоғам сеніміне ие болса азаматтардың мемлекетке деген құрметі де артады. Ал марапаттардың беделі жоғары болған сайын олардың тәрбиелік мәні де күшейеді.

Құрметті әріптестер! Осыған байланысты «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Заңды қолдаймын және оның қоғам үшін маңыздылығын ескере отырып сіздерді де қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер! Мемлекет басшысының тапсырмасымен әзірленген түзетулер аясында жаңа мемлекеттік наградалар енгізіліп отыр. Олардың қатарында «AI-Farabi», «Qoja Ahmet Yassauı», «Мейірім» сынды жаңа ордендер бар. Бұл жоғары наградалар мемлекет пен қоғамның дамуына үлес қосқан азаматтардың ел алдындағы еңбегін лайықты бағалауды көздейді. Сондай-ақ бұл заң қоғамда әділдік пен еңбекқорлық құндылықтарын дәріптеуге оң септігін тигізеді деп сенеміз.

Осы заң бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі Ершов Сергей Михайловичке беріледі.

ЕРШОВ С.М. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! На ваше рассмотрение представлен Закон «О ратификации Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Правительством Китайской Народной Республики о поощрении и взаимной

защите инвестиций». Данный документ является завершающим этапом по приданию юридической силы договоренностям, достигнутым в ходе визита Председателя Китайской Народной Республики Си Цзиньпина в Астану в июне прошлого года.

Ратификация соглашения позволит официально обновить договор 1992 года и привести международно-правовую базу в соответствие с современными глобальными стандартами.

Законодательное подтверждение норм соглашения создает прочную правовую основу для защиты капиталовложений. Документ закрепляет паритетное применение национального режима и режима наибольшего благоприятствования, что де-юре исключает любую дискриминацию и уравнивает права казахстанских и китайских инвесторов на территориях обеих стран.

Особого внимания заслуживает правовое закрепление гарантий неприкосновенности собственности как инвесторов, так и государства: соглашение строго регламентирует условия законного изъятия активов исключительно в общественных интересах и только при условии выплаты соразмерного возмещения.

Также юридически фиксируется защищенный статус активов национальных банков, определяется четкий порядок разрешения споров в международных арбитражных институтах.

Ратификация данного соглашения имеет большое значение для наращивания потенциала реального сектора экономики и успешной реализации масштабных инфраструктурных инициатив. Ожидается, что создание четких и понятных правовых рамок станет мощным стимулом для притока качественных инвестиций в высокотехнологичные отрасли, будет способствовать созданию новых рабочих мест и значительному укреплению экспортного потенциала страны. Это позволит нам в полной мере задействовать все преимущества всестороннего стратегического партнерства с Китайской Народной Республикой для достижения устойчивого экономического роста.

Постоянные комитеты Сената замечаний и предложений по закону не имеют.

С учетом изложенного Комитет по международным отношениям, обороне и безопасности рекомендует одобрить Закон «О ратификации Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Правительством Китайской Народной Республики о поощрении и взаимной защите инвестиций». Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Арубаев Сәкен Қаланұлына беріледі.

АРУБАЕВ С.Қ. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің өкіліне.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметі арасындағы инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы қаралып отырған келісімнің 15-бабында «барынша қолайлы жағдай жасау режимі» көзделген. Сонымен қатар халықаралық тәжірибеде бұл тетік кей жағдайларда «келісімдерді тандап пайдалану» құралына айналып, инвесторлардың басқа халықаралық шарттардағы өздеріне тиімді

нормаларды инвестициялық арбитраж арқылы қолдануға тырысатыны байқалады. Бұл өз кезегінде мемлекеттің міндеттемелерін кеңінен түсіндіруге және ұлттық реттеу құзыретінің шектелуіне алып келуі мүмкін. Осыған байланысты сұрақ туындап отыр.

Осы қаралып отырған жаңа келісімде барынша қолайлы жағдай режимін теріс пайдаланудың алдын алу үшін қандай нақты құқықтық және реттеуші тетіктер қарастырылған? Атап айтқанда, инвесторлардың басқа инвестициялық келісімдердегі неғұрлым тиімді материалдық немесе рәсімдік нормаларды қолданылуына шектеу қою мәселесі қалай реттелген және бұл тетіктер Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін инвестициялық даулар барысында жеткілікті деңгейде қорғай ала ма? Осыған тоқталып кетсеңіз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Сыртқы істер министрінің орынбасары Қуантыров Әлібек Сәкенұлы, жауап беріңіз.

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Құрметті Сәкен Қаланұлы, құрметті депутаттар! Бұл келісім жаңа новеллаларды енгізеді. Оның үлкен бөлігіне тоқталсақ, біз кейбір стратегиялық салаларды қорғаймыз, оның ішіне жалпы қауіпсіздік және ұлттық қауіпсіздік, халықтың денсаулығы, әлеуметтік сфера, тұтынушылардың құқықтары, қоршаған ортаны реттеу кіреді. Біз осы салаларды реттейміз, сол себепті тиісті қорғау тетіктерін пайдалануға құқығымыз бар. Оған қоса Ұлттық Банктің ұсыныстары бойынша біз тиісті иммунитеттерді қостық. Сол себептен мемлекеттік мүліктің және Ұлттық Банктің активтері мен оның басқаруында болатын активтерді, мысалы, зейнетақы қоры активтерін және Ұлттық қордың активтерін біз осы келісімнің аясынан шығарамыз. Егер арбитраж болса осы келісім бойынша арбитрлар біздің тиісті мемлекеттік мүлік мәселелерінің осы заңнан шығарылатынын біледі. Сол себепті оны қорғайтын механизмдердің бәрін қалыптастырдық және Қытай тарапымен жан-жақты талқыладық.

Қытай тарапынан басқа да көп ұсыныс келіп түсті, оның ішінде сатып алулар, гранттар, біздің салық салу мәселесін қосу бар. Бірақ біз оның бәрін қорғадық, келісімнен тыс шығардық. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Бекенов Нұрлан Жексембайұлына беріледі.

БЕКЕНОВ Н.Ж. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Менің сұрағым Сыртқы істер министрлігінің өкіліне.

Құрметті Әлібек Сәкенұлы! Соглашение о поощрении и взаимной защите инвестиций между Республикой Казахстан и Китайской Народной Республикой является стандартным. На сегодня Казахстаном заключено свыше 50 таких соглашений с различными странами, в связи с чем возникают вопросы.

1. Насколько эффективно международное инвестиционное право обеспечивает баланс интересов государства и инвесторов?

2. Учитывая актуализацию соглашения, как оно окажет влияние на внутреннюю экономическую, социальную и экологическую политику Казахстана? Рақмет.

ТӨРАҒА. Әлібек Сәкенұлы, жауап беріңіз.

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Уважаемый Нурлан Жексембаевич, уважаемые депутаты! Данное соглашение мы обновляем, так как прошло более 30 лет. Это сделано для того, чтобы учесть все современные тренды и инновации, которые есть в международном арбитраже и в целом в сфере поощрения и защиты инвестиций.

Соглашение о поощрении и взаимной защите инвестиций является базовым двухсторонним соглашением, на наличие которого смотрят инвесторы, когда приходят в ту или иную страну.

В целом здесь есть хорошие новеллы. Например, вводится понятие «покрытые инвестиции», то есть не все инвестиции, не торговые операции, а именно в их классическом понимании, также вводятся правила МВФ, согласно которым будут осуществляться переводы и платежи.

В целом соглашение мы сузили, защитили данную норму перед китайской стороной и вывели оттуда государственные закупки, гранты, налогообложение, тарифообразование. В то же время немного расширили данное соглашение, включив туда новые финансовые инструменты, такое понятие, как «строительство под ключ», прочее. Здесь мы защищаем права инвесторов. Например, делим вопрос экспроприации на косвенную и прямую, расширяем понятие суброгации и прочее.

Также большой раздел посвящен арбитражным спорам, где мы вводим новые понятия и так далее.

Конечно, данное соглашение укрепляет систему сдержек и противовесов. Мы предоставляем конкретные механизмы защиты инвесторов и государства. В целом это соглашение проработано.

Хочу отметить, что данное соглашение было инициировано китайской стороной 15 лет назад. Мы прорабатывали его более 12 лет. В активной фазе оно было последние два года. Мы отстаивали все эти позиции с учетом международного опыта и позиций Казахстана.

С учетом того, что сейчас активно приходят китайские инвестиции, идет регулирование в сторону обрабатывающей промышленности, я думаю, это будет хорошим трендом и окажет большой социально-экономический эффект.

ТӨРАҒА. Алібек Сакенович, в целом это улица с двухсторонним движением. Речь идет и о защите казахстанского бизнеса в Китае, а не только о китайских инвестициях в Казахстане. В связи с этим какая тенденция сегодня с точки зрения инвестирования казахстанских компаний в Китай? Китай – огромный рынок. Я думаю, что для многих наших промышленных предприятий, компаний было бы интересно активно работать в этой стране, делать совместные проекты, осваивать какие-то новые технологии с дальнейшим их использованием в нашей стране.

В этом плане идет какая-то работа? Оказывается ли поддержка со стороны министерства казахстанским предпринимателям, которые хотят работать на китайском рынке?

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Соглашение двухстороннее и направлено на защиту казахстанских инвесторов в Китае. Понятно, что их рынок намного больше нашего. В то же время у нас есть определенные инвестиции, например, по прошлому году – порядка 58 миллионов долларов США.

Но если мы говорим о конкретных долгосрочных инвестициях, то это больше всего инфраструктурные проекты. Так как Казахстан не имеет выхода к морю, то мы больше сфокусированы сейчас на логистической портовой инфраструктуре, в том числе с участием АО «КТЖ» построены порты в Ляньюньгане, Сияне и Чэнду, и данная работа продолжается.

Но с учетом того, что наша экономика тоже растет, данное соглашение закладывает основу для любых инвестиций, которые уйдут из Казахстана в эту страну. Соответственно, мы прописали все эти механизмы.

Дополнительным стимулом для взаимной торговли и инвестиций явилось соглашение о безвизовом режиме на ограниченный срок, и это тоже помогло двустороннему товарообмену и инвестициям.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Наутиев Әлібек Ибатуллаұлына беріледі.

НАУТИЕВ Ә.И. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің де сұрағым Сыртқы істер министрлігінің өкіліне.

Бүгінгі қаралып отырған келісім екі елдің инвестициясын өзара қорғауға бағытталған. Өткен жылдың қорытындысы бойынша Қытай тарапынан Қазақстанға 2,8 миллиард АҚШ доллары көлемінде қаражат салынған. Оның негізгі ағымы өңдеу өнеркәсібіне бағытталған. Осыған байланысты менің сұрақтарыма жауап берсеңіз.

Бірінші сұрақ. Өңдеу өнеркәсібіне салынған Қытай инвестициясы бүгінгі күні қандай нақты жобаларға бағытталып отыр?

Екінші сұрақ. Қытай капиталын еліміздің қосылған құны жоғары шикізатты өңдеу кәсіпорындарын ашуға бағыттау үшін нақты қандай тетіктер мен ынталандыру шаралары қолданылмақ? Рақмет.

ТӨРАҒА. Әлібек Сәкенұлы, жауап беріңіз.

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Құрметті Әлібек Ибатуллаұлы, құрметті депутаттар! Бірінші сұрақ бойынша қандай нақты жобалар бар екенін атап кетейін.

Жамбыл облысында екі жоба бар. Біреуі «Fufeng Group» компаниясы, яғни бұл – көлемі 800 миллион АҚШ доллары тұратын тікелей инвестиция. Бірінші жоба – жүгеріні терең өңдеу жобасы, ал екінші жоба – «Fujian Hengwang Investment» компаниясының толық циклді болат өндіретін зауыт жобасы. Сонымен қатар «Dalian Hesheng Holdings»

компаниясының жалпы инвестициясы 2,5 миллиард доллар тұрады. Ол бидайды терең өңдеумен айналысады. Сондай-ақ «East Hope Group» компаниясы Павлодар мен Қостанай облысында толық алюминий кластарын құрмақшы. Оның көлемі шамамен 12 миллиард долларды құрайды.

Енді біз тиісті тетіктер бойынша айтсақ, индустрияны дамытатын тиісті ЭҚЖЖ (ОКЭД) бар. Сол ЭҚЖЖ бойынша, яғни арнайы салалар бойынша тиісті преференцияларды бере аламыз. Бірінші тетік келісім бойынша, екінші тетік инвестконтракт бойынша, сонымен қатар Өндіріс және құрылыс министрлігінің тағы да тиісті келісімдері бар. Егер олар сол ЭҚЖЖ-ке (ОКЭД) кірсе, сонда біз тиісті преференцияларды береміз, кейбір салық түрінен босатамыз. Кәсіпкерлік кодексінде және Салық кодексінде барлығы жазылған. Жалпы саясатымыз – неғұрлым локализация жасау. Себебі ірі жобаларда, мысалы, «Теңіз» жобасында, «Қашаған» жобасында және басқа да жобаларда бөлшектерді импорттайды, сол себепті Үкіметтің негізгі саясаты – локализация жасау. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Есбай Амангелді Ғабдылкәрімұлына беріледі.

ЕСБАЙ А.Ғ. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Менің сұрағым да Әлібек Сәкенұлына.

Қаралып отырған келісімнің негізгі мақсаты инвесторларды құқықтық қорғауды қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы ұзақ мерзімді ынтымақтастық үшін қолайлы жағдайлар жасау болып табылады. Осыған байланысты екі сұрағым бар.

Келісімде екі ұқсас режим бар (ұлттық режим және барынша қолайлы режим). Осы екі ұқсас режимді қосу қажеттілігі неде?

Екінші сұрақ. Қаралып отырған келісімде инвестициялық дауларды шешу тетіктері мәтіннің көп бөлігін алады. Бұл тәсіл бұрын қол қойылған құжаттардан ерекшеленеді, мысалы, Сингапур, Қатар сияқты мемлекеттермен екіжақты инвестициялық келісімдер. Осының себебі неде?

Осы екі сұраққа тоқталып өтсеңіз.

ТӨРАҒА. Әлібек Сәкенұлы, жауап беріңіз.

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Құрметті Амангелді Ғабдылкәрімұлы, құрметті депутаттар! Бірінші сұрақ бойынша айтсақ, бізде ұлттық режим бар және ең қолайлы жағдай режимі.

Ұлттық режимнің негізгі принципі – инвесторларға берілетін режим ұлттық инвесторларға берілетін режимнен кем емес болу. Ал қолайлы жағдай режимі туралы айтсақ, басқа кез келген үшінші мемлекеттерден келген инвесторларға қандай режим берсек, одан кем емес режимді Қытай инвесторларына беруге тиіспіз. Біз осы екі режимді біріктіріп ең жақсы режимді Қытай инвесторларына береміз және олар бізге де сондай режимді береді. Сол себепті бұл келісім ең қолайлы жағдай режимін екі жаққа да береді. Ал енді дауларды шешу тетіктері бойынша біз жаңа новеллаларды қостық. Оның ішінде

барлық дауларды тиісті медиация механизмдері арқылы өткізу керек. Мысалы, тиісті келісімге келу үшін оларға уақыт беріледі. Ал егер келісімге келмесе, онда екі жақтан келісім болу керек: арбитражды құжаттарды жіберу, содан кейін сол арбитражға шағыну үшін тиісті үш жыл өту керек, сондай-ақ үшінші жақтан қаржыландыру бар болса, онда екінші жақты хабардар етуге тиісті. Сол себепті даулардың механизмдері толығымен жазылған, ал сол даулардан тиісті мәселелер, мысалы, мемлекеттік мүлік алып тасталған. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Сергей Михайлович. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Нұғманов Амангелді Шайхоллаұлына беріледі.

НҰҒМАНОВ А.Ш. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Бүгін қаралып отырған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының маңызы ерекше деп санаймын.

Бұл құжат тек құқықтық немесе техникалық келісім ғана емес, бұл екі мемлекет арасындағы экономикалық сенімді нығайтатын, өзара тиімді әріптестікті кеңейтетін және Қазақстанның халықаралық инвестициялық кеңістіктегі беделін арттыратын маңызды стратегиялық қадам.

Қазіргі таңда әлемдік экономика күрделі өзгерістер кезеңін бастан өткеруде. Геосаяси тұрақсыздық, жаһандық нарықтағы құбылмалылық, халықаралық сауда байланыстарының өзгеруі көптеген мемлекеттер үшін инвестициялық тұрақтылық мәселесін бірінші орынға шығарды. Осындай жағдайда кез келген ел үшін сенімді инвестициялық орта қалыптастыру аса маңызды міндеттердің біріне айналып отыр.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өз жолдауларында елімізге тікелей шетелдік инвестиция тарту экономиканы әртараптандырудың және тұрақты өсімді қамтамасыз етудің негізгі тетігі екенін бірнеше мәрте атап өтті. Осы ретте ұсынылып отырған келісім Мемлекет басшысы айқындаған экономикалық саясаттың нақты жалғасы деп айтуға толық негіз бар.

Қытай Халық Республикасы Қазақстанның ірі сауда-экономикалық серіктестерінің бірі. Екі ел арасындағы ынтымақтастық соңғы жылдары жаңа деңгейге көтеріліп келеді. Бүгінде көлік-логистика, өнеркәсіп, энергетика, ауыл шаруашылығы, цифрландыру және инфрақұрылым салаларында бірлескен жобалар жүзеге асырылуда.

Ұсынылып отырған келісім осы ынтымақтастықты құқықтық тұрғыдан одан әрі күшейтуге бағытталған. Атап айтқанда, құжатта инвесторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың нақты кепілдіктері қарастырылған, инвестицияларға әділ және тең құқықтық режим ұсынылады. Инвесторлардың мүлкі заңсыз экспроприациядан қорғалады, инвестициялық қызметтен түсетін табыстар мен қаражаттарды еркін аударуға мүмкіндік беріледі. Бұл халықаралық инвестициялық құқықтағы негізгі әрі маңызды қағидаттар болып табылады. Сонымен қатар келісім инвестициялық дауларды халықаралық

тәжірибеге сәйкес шешу тетіктерін қарастырады. Бұл өз кезегінде инвесторлардың Қазақстан экономикасына деген сенімін арттырып, ұзақ мерзімді серіктестікке берік негіз қалыптастырады.

Құрметті әріптестер! Біз үшін инвестиция жай ғана капитал тарту емес, бұл жаңа технология, жаңа өндіріс, жаңа жұмыс орындары және экономиканың сапалы дамуы. Сондықтан мұндай халықаралық келісімдердің қабылдануы еліміздің инвестициялық тартымдылығын арттыруда маңызды рөл атқарады.

Аталған заңды қабылдау:

Қазақстан мен Қытай арасындағы инвестициялық ынтымақтастықты кеңейтуге;

экономикаға қосымша шетелдік капитал тартуға;

кәсіпкерлік белсенділікті арттыруға;

өнеркәсіп пен инфрақұрылымдық жобаларды дамытуға;

жаңа жұмыс орындарын құруға;

еліміздің халықаралық экономикалық беделін нығайтуға мүмкіндік береді.

Бүгінде Қазақстан халықаралық қауымдастық алдында ашық экономикасы бар, инвестиция үшін қолайлы әрі сенімді мемлекет ретінде танылып келеді. Осы бағыттағы жүйелі жұмыстарды жалғастыру – баршамызға ортақ міндет.

Ұсынылып отырған келісім өзара құрметке, тең әріптестікке және ортақ экономикалық мүддеге негізделген маңызды халықаралық құжат деп есептеймін.

Құрметті әріптестер, сондықтан аталған заңды қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер, қаралған келісім Қазақстан мен Қытай арасындағы ұзақ мерзімді екіжақты ынтымақтастықты әрі қарай нығайтуға арналған. Осы ретте мақұлданған заң аясында тараптардың инвесторлары үшін ауқымды құқықтық кепілдіктер қарастырылып отыр. Сондай-ақ инвестицияларды қолдау шаралары мен инвесторлар қатысатын дауларды шешу тәртібі реттеледі. Бұл келісім алдағы уақытта екі елдің стратегиялық серіктестігін одан әрі дамытуға серпін береді деп сенеміз.

Осы заң бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне еңбек заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі Рүстемов Руслан Рүстемұлына беріледі.

РҮСТЕМОВ Р.Р. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, қадірлі әріптестер! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне еңбек заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы еңбек саласындағы құқықтық кепілдіктерді жетілдіруге бағытталған бірқатар маңызды өзгерістерді қамтиды. Бұл өзгерістер еңбек қатынастары саласындағы заңнаманы жетілдіруге бағытталған.

Өздеріңізге белгілі, аталған заң Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының бастамашылдығымен әзірленген.

Заңның негізгі мақсаты жұмыскерлердің құқықтарын қорғау кепілдіктерін күшейту, әлеуметтік әріптестікті дамыту, еңбек қауіпсіздігі стандарттарын арттыру және еңбек қатынастарының негізгі рәсімдерін нақтылау жөніндегі еңбек заңнамасын одан әрі жетілдіру болып табылады.

Заңмен қолданыстағы Еңбек кодексіне, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодекске және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі. Атап айтқанда, Еңбек кодексі еңбек саласындағы ар-намыс пен қадір-қасиетті қорғауға бағытталған жаңа қағидаттармен толықтырылып, жұмыскерлердің заңды мүдделерін сақтау, еңбекке уақытша жарамсыздық немесе әлеуметтік демалыс кезеңімен тұспа-тұс келген жағдайларда соңғы жұмыс күнін айқындау тәртібі енгізілді. Одан бөлек жұмыскерлердің скринингтік зерттеулерден өту тәртібі белгіленіп, ауысым алдындағы медициналық куәландырудан өтуге жұмсалған уақытқа орташа жалақы төлеу мәселесі реттеледі. Сондай-ақ жұмыс берушінің еңбек жағдайларының өзгергені туралы жұмыскерді жазбаша түрде хабардар ету міндеті енгізіледі.

Материалдық жауапты қызметкерлерге қатысты еңбек қатынастарын тоқтату, мүлікті және құжаттарды қабылдау-беру тәртібі де нақты айқындалады. Сонымен қатар жұмыс берушілерге өндірістік процесте пайдаланылатын барлық нысандар мен еңбек құралдарын қауіпсіздік талаптарына сәйкестендіру міндеті жүктеледі. Ал мемлекеттік еңбек инспекторлары үшін еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласында біліктілікті тұрақты арттыру талаптары енгізіледі. Бұдан бөлек жергілікті атқарушы органдардың әлеуметтік әріптестікті ұйымдастыру, өңірлік үшжақты комиссиялардың қызметін үйлестіру және еңбек қатынастарын реттеу бағытындағы өкілеттіктері кеңейтіледі. Сондай-ақ еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлардың құқықтары мен олардың қызметіне ақы төлеу тәртібі де нақты регламенттеледі.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодекс жұмыскердің тіркелген жері бойынша медициналық ұйымға жұмыскерді скринингтік зерттеулерден өту қажеттілігі туралы хабардар ету және жұмыс берушіге скринингтік зерттеулерден өтуге жататын жұмыскерлер бойынша мәліметтерді цифрлық технологиялар арқылы жіберу бойынша құзырет беретін нормалармен толықтырылады. Сондай-ақ «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңға жергілікті басқару органдарының еңбек, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету міндетін белгілеу бөлігінде толықтырулар енгізіледі.

Қорыта айтқанда, заң еңбек заңнамасын одан әрі жетілдіру мақсатында еңбек қауіпсіздігін арттыру, жұмыс берушілердің жауапкершілігін күшейту, цифрландыруды енгізу және еңбек дауларын шешуді оңтайландыруға қатысты өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейді.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты тұрақты комитеттерінің заң тұжырымдасы бойынша ескертулері мен ұсыныстары жоқ.

Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! Баяндалғандарды ескере келе Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті «Қазақстан Республикасы Парламентінің комитеттері мен комиссиялары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 29-бабы 7) тармақшасын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне еңбек заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын Сенат отырысының қарауына енгізеді және Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Регламентінің 58-тармағына сәйкес оны бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Қожаев Марат Шәдетханұлына беріледі.

ҚОЖАЕВ М.Ш. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Вопросы адресуются вице-министру труда и социальной защиты населения.

Как отмечено в Концепции безопасного труда Республики Казахстан на 2024 – 2030 годы от 26 декабря 2023 года, утвержденной постановлением Правительства, в настоящее время одной из причин производственного травматизма являются недостатки в обучении безопасному труду, обусловленные дефицитом квалифицированных кадров, отсутствием ответственности учебных центров за качество обучения.

Ежегодно каждый восьмой несчастный случай происходит из-за недостатков в обучении безопасным приемам работ и нарушения правил техники безопасности.

Из анализа текущей ситуации, отраженной в концепции, имеют место следующие проблемные моменты.

В частности, упоминается, что практически не осуществляется целенаправленная профессиональная подготовка технических инспекторов по охране труда. Вопросы вызывают учет и государственный контроль качества их подготовки. Имеются случаи выдачи сертификатов без обучения и проверки знаний.

При этом в рамках рассматриваемого закона Трудовой кодекс дополняется новой статьей, регламентирующей правовой статус технического инспектора по охране труда. Он наделяется рядом важных полномочий по обеспечению безопасности и охраны труда.

В связи с вышеизложенным, пожалуйста, ответьте на вопрос: какие меры, направленные на подготовку необходимого количества технических инспекторов по охране труда, имеющих специальные знания, а также на обеспечение эффективного государственного контроля, будут предприниматься уполномоченным органом в рамках реализации норм рассматриваемого закона? Спасибо.

ТӨРАҒА. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министрі Тұяқбаев Ербол Жоракелдіұлы, жауап беріңіз.

ТҰЯҚБАЕВ Е.Ж. Рақмет.

Марат Шәдетханұлы, сұрағыңызға рақмет.

Өздеріңіз білетіндей, қазір елімізде 17 мыңға жуық техникалық инспектор бар. Олардың жұмысын біз келесі бағыттар бойынша, яғни оқыту бойынша, олардың біліктілігін арттыру бойынша жүргіземіз.

Первое направление – на базе Научно-исследовательского института по охране труда. Это наша подведомственная организация, имеется достаточно сильная база. Обучение будет проходить на постоянной основе.

Второе направление – взаимодействие с учебными центрами.

Что касается учета сертификатов, то мы сейчас ведем электронный учет сертификатов и будем видеть, сколько выдано сертификатов, насколько законно они выданы, какое качество у этих сертификатов.

Второе – получение практических знаний непосредственно на самом предприятии. Предприятия обязаны будут проводить обучение не менее 40 академических часов.

Считаем, что в реализацию данной нормы мы разработали подзаконный акт министерства – Положение о техническом инспекторе труда, в котором прописали, какова должна быть частота обучения, то есть как часто должны проходить обучение технические инспекторы, их полномочия, обязанности. Эту работу мы будем продолжать совместно с профсоюзами и работодателями.

Мы учли мнения всех государственных органов. Думаю, все вопросы, связанные с сертификацией и обучением, мы будем продолжать рассматривать в рамках текущей деятельности министерства. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Жексенбай Бибиғұл Нұрғалиқызына беріледі.

ЖЕКСЕНБАЙ Б.Н. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Денсаулық сақтау министрлігі мен Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің өкілдеріне.

Қарастырылып отырған заң денсаулық сақтау мекемелерінен жұмыс берушілерге де, қызметкерлерге де тексеруден өту қажеттілігі туралы хабарлауды талап етеді. Заңға сәйкес жұмыс берушілер қызметкерлерге тексеруден өту үшін ақылы демалыс беруге міндетті. Сонымен қатар Еңбек кодексіне жұмыс беруші мұндай демалысты бермеген жағдайда жауапкершілікті көздейтін ереже енгізілуде. Осыған байланысты менің екі сұрағым бар.

Бірінші. Жұмыс берушіге қандай нақты жауапкершілік, қандай көлемде және кім жүктейді?

Екінші. Ақпараттық жүйелерді интеграциялаудың қазіргі жағдайы қандай? Осы ереже күшіне енген күнге дейін жүйенің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін іс-қимыл жоспары әзірленді ме? Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Денсаулық сақтау вице-министрі Мұратов Тимур Мұратұлы.

Әлде сіз бастайсыз ба?

ТҰЯҚБАЕВ Е.Ж. Мен бастайын.

ТӨРАҒА. Сіз бастаңыз.

ТҰЯҚБАЕВ Е.Ж. Бибигүл Нұрғалиқызы, сұрағыңызға рақмет. Жауапкершілік мәселесіне келетін болсақ, егер Еңбек кодексіне бұл норма енгізіліп, ертең іске асатын кезде, егер жұмыс беруші өзінің жұмысшысына еңбек демалысын бермей, скринингке жібермесе, онда еңбек инспекциясы арқылы тексеруді ұйымдастыруға біздің толықтай құқығымыз бар. Ол үшін жұмысшы тиісті өтініш білдіреді. Өздеріңіз білетіндей еңбек инспекциясы тиісті тексерумен кірген кезде оған ұйғарым (предписание) береді. Егер ол орындалмаған жағдайда әкімшілік жауапкершілік те қарастырылған. Сондықтан жұмыс берушілермен ондай мәселелер болмауы тиіс деп ойлаймыз. Өйткені оның салдары бар, яғни жауапкершілікке тартылатын болады.

Екінші жағынан келетін болсақ, екінші мәселе ақпараттық жүйелерге қатысты. Біз қазір министрлікпен бірге ауқымды жұмыс бастап отырмыз. Бұл ақпараттық жүйелердің өз интеграциясы. Өздеріңіз білетіндей, интеграция нормасы 2027 жылдың 1 қаңтарынан бастап енгізіледі. Осы уақытқа дейін дайындық жұмыстарын жүргізіп, қажетті үй жұмысын аяқтап, ақпараттық жүйелер дайын болады деп есептейміз. Министрлік тарапынан қандай қосымша шаралар қабылданып отыр, бұл жұмыстың қандай уақытқа аяқталатыны жөнінде бізде қосылған алгоритм бар. Менің әріптесім ол туралы толықтырып айтады деп ойлаймын.

ТӨРАҒА. Тимур Мұратұлы, сіз.

МҰРАТОВ Т.М. Құрметті Бибигүл Нұрғалиқызы, сұрағыңызға рақмет.

Жалпы бүгінгі кодекске енгізіліп отырған нормаларды іске асыру үшін жаңа менің әріптесім айтып өткендей, біз скринингтер жөніндегі хабарламаны жұмысшыға да, жұмыс берушіге де беруге дайындалып жатырмыз. Жаңа Ербол Жоракелдіұлы айтқандай, біз цифрлық платформалардың интеграциясын бастап кеттік, оның аяқталу мерзімін қабылданған алгоритм бойынша осы жылдың үшінші, төртінші тоқсанында деп жоспарлап отырмыз. Жалпы біздің мақсатымыз, бұл жұмыскерлер де, жұмысшылар да скрининг өту жөніндегі алдын ала хабарлама алып, жұмыс беруші жұмыскерді сол күні жұмыстан босатуы керек.

Енді қалған жұмыстар, яғни мерзімдерін нақтылау қалған заңнамалық актілерде қарастырылатын болады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Ниязова Нурия Исмагиловнаға беріледі.

НИЯЗОВА Н.И. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Вопрос адресован вице-министру труда и социальной защиты населения.

Согласно статье 125 данного закона, время, затраченное на прохождение предсменного медицинского освидетельствования работником, оплачивается в размере из расчета среднего дневного (часового) заработка.

Средняя часовая заработная плата, согласно единым правилам исчисления, является изменяемым показателем, требует сложного расчета таких выплат и ежедневного администрирования.

В связи с чем возникает вопрос: каким образом предполагается реализация данных норм на практике уже на текущем этапе для работодателей, особенно крупных предприятий с непрерывным циклом работы, сменными графиками и вахтовым методом? Рақмет.

ТӨРАҒА. Ербол Жоракелдіұлы, жауап беріңіз.

ТҮЯҚБАЕВ Е.Ж. Нурия Исмагиловна, спасибо за вопрос.

Как Вы знаете, норма была предложена депутатами Мажилиса, исходя из защиты прав работников. Процесс будет регулироваться коллективными договорами либо актом работодателя. Это известно.

Единственный вопрос. Когда я лично встречался с представителями Национальной палаты предпринимателей «Атамекен» и крупных предприятий, у них возникло опасение, как считать этот средний дневной расход, как оплачивать. Как Вы отметили, там сложная формула. Они опасаются, что учет затраченного времени может привести к большим расходам предприятий.

Мы дали следующие разъяснения.

Первое. Какие-то крупные компании уже перешли к системе, когда за считанные минуты работники проходят предсменное медицинское освидетельствование. Мы предложили этим крупным предприятиям, у которых возникли вопросы, применить такой опыт и внедрить аналогичные системы с учетом того, что везде идет автоматизация и внедрение искусственного интеллекта.

Второе. По каждому предприятию мы будем давать разъяснения. В целом для нас очень важно, чтобы работодатель оплачивал затраченное время. Вопрос только в оптимизации времени, которое уйдет на медицинское освидетельствование. Мы считаем, что это время нужно и можно оптимизировать. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Аққожина Бибігүл Бүркітқызына беріледі.

АҚҚОЖИНА Б.Б. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Сұрақтарым әріптесімнің сұрағының жалғасы. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің өкіліне.

Сұрақтарым техникалық еңбек қауіпсіздігі инспекторының мәртебесі туралы Еңбек кодексінің жаңа 203-1-бабы бойынша. Заң оған бақылау жасау және ұсыныстар енгізу құқығын бергенімен оның құқықтық мәртебесі екі елеулі алаңдаушылық туғызады.

Бірінші. Техникалық инспектор ұйымның штаттағы қызметкері болып қала береді, сондай-ақ жұмыс берушіге еңбек және қаржылық тұрғыдан тәуелді болады.

Басшылық тарапынан өрескел бұзушылықтар анықталған жағдайда инспекторды тәртіптік қысымнан немесе жұмыстан шығарудан қорғау үшін қандай нақты кепілдіктер көзделген?

Тиісті кепілдіктер болмаса біз тиімді бақылаушыларға емес, жұмыс берушіге ыңғайлы, тәуелді инспекторларға тап боламыз.

Екінші. Аталған нормада инспектордың «ұсыныстар енгізу» құқығы көрсетілгенімен жұмыс берушінің бұл ұсыныстарды қарау міндеті мүлдем көзделмеген. Осы орайда тағы бір сұрақ туындайды.

Ұсыныстарды қараудың нақты мерзімдері мен жұмыс берушінің дәлелді жауап беру міндеті бекітілмесе бұл норма еңбек қауіпсіздігіне нақты ықпал ету тетіктері жоқ, тек декларативті сипаттағы ереже болып қалмай ма? Рақмет.

ТӨРАҒА. Ербол Жоракелдіұлы, жауап беріңіз.

ТҮЯҚБАЕВ Е.Ж. Бибігүл Бүркітқызы, сұрақтарыңызға рақмет.

Бірінші мәселе бойынша сіз дұрыс айтасыз, еңбек және қаржылық жағынан негізгі жұмысы бойынша жұмыскер өзінің жұмыс берушісіне тәуелді болуы мүмкін. Алайда бұл жерде логика қандай? Біздің техникалық инспекторларды заң жүзінде енгізіп отырған себебіміз, техникалық инспекторларды ішкі жағдайды жақсы білетін, олқылықтарды анықтап, өз жұмысшысына ұсыныс бере алатын тұлға ретінде ұсынып отырмыз. Жұмыс беруші техникалық инспектормен тығыз байланыс жасап, оның жасаған ұсынымдарын өзі тез арада жоюға мүдделі болуы тиіс. Сіздер білесіздер, себебі ертең жұмысында олқылықтар болып, мемлекеттік инспектор кейбір тексерулермен келетін болса оның салдары ауырлау болады. Сондықтан мемлекеттік инспекторлар мен техникалық инспекторлар тығыз байланыс орнату үшін біз осы институтты енгізіп отыр. Олардың нақты регламенттелген жұмысын біз ведомстволық актімен регламенттедік. Ал екінші сұраққа келетін болсақ, яғни жұмыс беруші осы техникалық инспекторлардың ұсынысын уақытылы қарап, оған уақытылы жауап беру мәселесін заң негізінде бекіту қажет пе, жоқ па деген сұраққа келетін болсақ, біздің ойымызша бұл қажет емес. Себебі бұл норманы біз өзіміздің бұйрықта көрсетіп отырмыз. Ол жерде жұмыс беруші техникалық инспекторлардың ұсынымдарына міндетті түрде жауап бермеген жағдайда техникалық инспектор тікелей мемлекеттік инспекторға немесе төтенше жағдай органдарына жүгіну құқығын қарастырып отырмыз. Бұл қосымша құқық осы тиімді жұмысты ұйымдастыруға кепіл береді деп ойлаймыз. Бұл жаңа норма. Оның практикада қалай жүзеге асатынын көріп, ары қарай қажет болса тағы да бұл нормаларды жандандыратын боламыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Руслан Рүстемұлы. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді заңды талқылауға көшейік.  
Сөз депутат Есбай Амангелді Ғабдылкәрімұлына беріледі.

ЕСБАЙ А.Ғ. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Қаралып отырған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне еңбек заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы бойынша әріптесім Руслан Рүстемұлы заңның мазмұны мен негізгі жаңашылдықтарына кеңінен тоқталды. Сондықтан мен қайталауға бармай, қысқаша пікірімді білдіргім келіп отыр.

Аталған заң еңбек саласындағы құқықтық қатынастарды жетілдіруге, жұмыскерлердің құқықтары мен кепілдіктерін күшейтуге, еңбек қауіпсіздігін арттыруға және әлеуметтік әріптестікті дамытуға бағытталған маңызды құжат деп санаймын. Сонымен бірге бұл заң еңбек қауіпсіздігін жүйелі түрде күшейтуге, өндірістік тәуекелдердің алдын алуға және жұмыс беруші жауапкершілігін нақтылауға бағытталған мемлекеттік саясаттың жалғасы ретінде бағаланады. Бұл әсіресе еңбек жағдайларын жақсарту мен жарақаттанудың алдын алу тұрғысынан маңызды.

Заңда көзделген цифрлық тетіктер еңбек саласындағы процестердің ашықтығын арттырып, әкімшілік рәсімдерді жеңілдетуге және бақылау тиімділігін күшейтуге ықпал етеді. Бұл өз кезегінде еңбек қатынастарының заманауи форматқа көшуіне жол ашады. Сонымен қатар еңбек құқықтарын қорғаудағы нақтылаулар мен рәсімдердің айқындалуы жұмыс беруші мен жұмыскер арасындағы жауапкершілік теңгерімін қамтамасыз етіп, еңбек дауларының алдын алуға мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, аталған заң еңбек нарығындағы тұрақтылықты нығайтуға, әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етуге және еңбек заңнамасын халықаралық стандарттарға жақындатуға бағытталған өзекті құжат деп есептеймін.

Құрметті әріптестер, осыған байланысты аталған заңды қолдаймын және сіздерді де қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне еңбек заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Бас комитетке заңды екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Сөз депутат Жүсіп Нұртөре Байтілесұлына беріледі.

ЖҮСП Н.Б. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Сенат отырысының күн тәртібіне «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне еңбек заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу

туралы» Қазақстан Республикасының Заңын екінші оқылымда қарауға енгізуді сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. Заң бүгін екінші оқылымда каралады.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіне қосымша енгізілген мәселе бойынша комитеттің отырысын өткізу үшін 10 минутқа үзіліс жариялаймын.

ҮЗІЛІС.

ҮЗІЛІСТЕН KEЙІН.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар! Тіркеуден өтулеріңізді сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Жұмысымызды жалғастырайық.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіне қосымша енгізілген «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне еңбек заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын екінші оқылымда қараймыз.

Сөз сенатор Рүстемов Руслан Рүстемұлына беріледі.

РҮСТЕМОВ Р.Р. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, қадірлі әріптестер! Назарларыңызға ұсынылып отырған заң Сенат отырысында қаралды және бірінші оқылымда мақұлданды.

Заң жұмыскерлердің құқықтарын қорғау саласындағы заңнаманы жетілдіру мақсатында әзірленген.

Заңның негізгі мақсаты – еңбек саласындағы құқықтық реттеуді одан әрі жетілдіруге бағытталған. Заңда жұмыскерлердің құқықтарын қорғау деңгейін арттыру, әлеуметтік әріптестік институттарын дамыту, еңбек қауіпсіздігі стандарттарын күшейту және еңбек қатынастарына қатысты негізгі рәсімдерді нақтылау көзделеді. Осы мақсатта заңмен Еңбек кодексіне, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодекске және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделді.

Заңды қабылдау мен ұсынылып отырған өзгерістер еңбек саласындағы құқықтық реттеуді кешенді жетілдіріп, жұмыскерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау кепілдіктерін күшейтеді. Еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, әлеуметтік әріптестікті өңірлік деңгейде дамыту мен оның тиімді тетіктерін қалыптастырады. Сонымен қатар еңбек қатынастарының негізгі рәсімдерін нақтылайды. Жұмыс берушілердің жауапкершілігі, еңбек инспекциясы мен бақылау институттарын нығайтуды, жұмыскерлердің медициналық

және әлеуметтік қорғалу деңгейін арттыруды, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың өкілеттіктерін айқындауды көздейді.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты тұрақты комитеттерінің заң бойынша ескертулері мен ұсыныстары жоқ.

Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! Баяндалғандардың негізінде Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне еңбек заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Руслан Рүстемұлы.

Құрметті әріптестер, заңды бірінші оқылымда жан-жақты талқыладық. Тағы талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса заң бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне еңбек заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенаттың қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер, қаралған заң еліміздегі еңбек заңнамасын жетілдіруді көздейді. Соның аясында жұмысшы мен жұмыс берушінің құқықтарын үйлестіруге арналған нормалар топтамасы қарастырылды. Сонымен қатар жергілікті атқарушы органдардың құзыреті бірқатар жаңа міндеттермен толықты. Жалпы, заң елімізде еңбек адамдарының құқықтық кепілдігін күшейтіп, жұмыс берушілердің жауапкершілігін арттыра түседі деп сенеміз.

Осы заң бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Сөз депутат Рүстемов Руслан Рүстемұлына беріледі.

РҮСТЕМОВ Р.Р. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің депутаттық сауалым Премьер-Министрдің орынбасары Бозымбаевқа жолданады.

«Құрметті Қанат Алдабергенұлы! Өзіңізге белгілі, Сырдария өзені тартылса Сыр өңірінің тынысы тарылады. Бұл ретте өркениетті елдердің ұлылығы табиғатқа деген құрметімен өлшенетіні белгілі. Содан да болар «Су – тіршіліктің көзі» деп бабаларымыз бекер айтпаған. Бүгінде Қызылорда облысының ғана емес, тұтас Арал өңірінің тыныс-тіршілігі Сырдария өзенінің тағдырымен тікелей байланысты. Алайда өзеннің суармалы

жер жүйелері мен арна инфрақұрылымы апатты жағдайға жақын, сондықтан аталған мәселе кешіктіруге болмайтын шешімді талап етеді.

Қызылорда облысының экономикалық, экологиялық және әлеуметтік әлеуеті тікелей Сырдария өзенінің сулылығына байланысты. Өзен бойында облыс елді мекендерінің 85 пайызы орналасқан, ал халықтың 93 пайыздан астамы осы өзен маңында өмір сүреді. Өзен суының 90 пайыздан астамы республикадан тыс жерлерден келуі себебінен «Арал-Сырдария» бассейні аумағындағы екі аймақтың ішінде Қызылорда облысы су тапшылығынан ең ауыр зардап шегіп отыр.

Статистикалық деректерге сәйкес облыста барлығы 268 мың гектар суармалы жер бар. Оның 178 мың гектардан астамы инженерлік жүйеге келтірілген ауыспалы егістіктер болып табылады. Жалпы ұзындығы 16 мыңнан аса шақырымды құрайтын суару жүйелері бар. Аталған каналдар мен қашыртқылардың барлығы 1960 – 1970 жылдары пайдалануға берілгендіктен бүгінгі күні техникалық жағдайы өте төмен. Соның салдарынан суару жүйесінің пайдалы әсер коэффициенті небәрі 60 – 65 пайыздан аспайды. Топырақ құрылымды каналдардан жыл сайын шамамен 2 миллиард текше метр су жоғалады, бұл дегеніміз республика бойынша жыл сайынғы су шығынының тең жартысы. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, каналдарды бетондау немесе суды үнемдейтін басқа да шараларды қолға алу уақыт күттірмейтін мәселе. Ал бүгінгі кешіктіру ертеңгі апаттың алғышарты дер едім.

Қазіргі кезеңде жергілікті бюджеттен коммуналдық меншіктегі 15 каналға бетондау жұмыстарын жүргізуге құны 16,6 миллиард теңгені құрайтын жобалық-сметалық құжаттар әзірленіп, Су ресурстары және ирригация министрлігіне ұсынылған. Қосымша 33 каналға болжамды құны 56,8 миллиард теңге болатын жобалық-сметалық құжаттар әзірленуде. Осы жобаларды іске асыру су шығынын 25 – 30 пайызға дейін азайтып, үнемделген суды Арал теңізіне жіберуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ Премьер-Министрдің 2016 жылғы 7 шілдедегі Қызылорда облысына жұмыс сапарының қорытынды хаттамасына сәйкес 2016 жылдың соңына дейін 143 мың гектар аумақтағы 12,5 мың шақырым ішкі шаруашылық каналдары республикалық меншікке алынуы тиіс болғанымен бұл міндет орындалмай келеді.

Сырдария – Қызылорда облысының тіршілік тамыры ғана емес, Аралды одан әрі де толтырудың бірден-бір үміті. Су жүйелерінің тиімді жұмыс істеуі ауыл шаруашылығының өнімділігін арттыруға, экологиялық тепе-теңдікті сақтауға, жүздеген мың отбасының тұрмыс деңгейінің артуына ықпал етеді.

Құрметті Қанат Алдабергенұлы! Сырдария өзені мен суармалы жер жүйелерінің жағдайын жақсарту мақсатында Үкімет тарапынан бірқатар нақты ұсыныстарды:

бірінші кезекте коммуналдық меншіктегі 15 каналды бетондауға арналған жалпы құны 16,6 миллиард теңгені құрайтын жобалық-сметалық құжаттаманы республикалық бюджет немесе халықаралық қаржы ұйымдары есебінен қаржыландыруды қарастыруға;

екіншіден, жыл сайынғы 2 миллиард текше метр су шығынын болдырмау мақсатында қосымша 33 каналға әзірленіп жатқан құжаттарды мемлекеттік бюджет жоспарына енгізуге;

үшіншіден, ирригациялық және дренаждық жүйелерді жетілдіру жобасына енген 12,5 мың шақырымдық ішкі шаруашылық каналдарын республикалық меншікке қабылдап,

олардың бетондалуын қамтамасыз етуге және 2018 – 2020 жылдары облыстық бюджеттен 796 миллион теңгеге дайындалып, тиісті министрлікке ұсынылған құжаттама бойынша мәселені түпкілікті шешуді жеделдетуге, аталған жобаларды қаржыландыруды қамтамасыз етуге ықпал жасауыңызды сұраймын.

Құрметпен Р. Рүстемов». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Орынбасаров Бекбол Тілеумұратұлына беріледі.

ОРЫНБАСАРОВ Б.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Депутаттық сауал Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне жолданады.

«Құрметті Олжас Абайұлы! Маңғыстау облысы Бейнеу ауданының шалғайдағы Сам, Тұрыш және Ноғайты елді мекендері тұрғындарынан теміржол көлік қатынасы саласында қалыптасқан қиын жағдайға байланысты көптеген өтініштер түсуде.

Он жылдан астам уақыт бойы осы ауылдардың 1 мың 500-ден астам тұрғыны аудан орталығы Бейнеумен және облыс орталығы Ақтау қаласымен байланыс орнату үшін теміржол қатынасын пайдаланып келді. Бұрын пойыздар Сам және Тұрыш стансаларына 3 минуттық аялдама жасайтын, бұл әсіресе қысқы кезеңде жалғыз сенімді қатынас құралы болатын. Алайда 2026 жылдың сәуір айынан бастап пойыздар кестесіне өзгерістер енгізіліп, бірқатар маршруттар аталған стансаларда жолаушыларды отырғызу мен түсіруді тоқтатты. Айта кету керек, осыған дейін Сенат депутаттары мен облыс мәслихаттары депутаттарының араласуымен Маңғыстау – Алматы бағыты бойынша мәселе жедел түрде өз шешімін тапқан болатын. Бұл мәселе бойынша Көлік министріне тиісті сауал жолданып, бірлескен жұмыстың нәтижесінде оң шешім қабылданды. Ауыл тұрғындарының мұқтажына түсіністікпен қарап, жедел әрекет еткені үшін Көлік министрлігіне, сондай-ақ бұл мәселенің оңтайлы шешілуіне тікелей ықпал еткен «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ және «Жолаушылар тасымалы» АҚ басшылығына ерекше ризашылығымды білдіргім келеді. Дегенмен көлік қолжетімділігі мәселесі әлі де толық шешілген жоқ. «Жолаушылар тасымалы» акционерлік қоғамының 2026 жылғы 9 сәуірдегі жауап хатына сәйкес Сам және Тұрыш стансаларында басқа маңызды маршруттар үшін аялдамалар әлі де қарастырылмаған. Бұл жағдай оңтайландыру шараларымен және жолаушылар ағынының аздығымен түсіндіріледі. Аудан орталығынан 100 шақырым, ал облыс орталығынан 600 шақырым қашықтықта орналасқан ауыл тұрғындары әлі де үлкен қиындықтарға тап болуда.

«Қарағанды – Маңғыстау» пойызының Сам және Тұрыш стансаларында аялдама жасауын ұйымдастыру Көлік министрлігі мен «Ulytau Express» ЖШС жеке тасымалдаушысының құзыретіне жататынын ескере отырып сізден:

- 1) Көлік министрлігіне «Қарағанды – Маңғыстау» пойызы үшін Сам және Тұрыш стансаларында 2-3 минуттық аялдама енгізу мәселесін шешуді тапсыруыңызды;
- 2) жақында іске қосылған «Жезқазған – Маңғыстау» жүрдек пойызының осы стансаларға аялдау мүмкіндігін қарастыруды сұраймыз.

Депутаттық сауалға заңға сәйкес толық жазбаша жауап беруіңіз сұралады.

Құрметпен депутаттар Б. Орынбасаров, С. Алдашев, С. Мәкежанов, А. Есбай, З. Кузиев, А. Қапбарова, Н. Ниязова, Ә. Рахметова, Г. Шиповских». Рақмет.

ПЕРЕПЕЧИНА О.В. Рақмет.

Сөз депутат Сарыбаев Ғалиасқар Төлендіұлына беріледі.

САРЫБАЕВ Ғ.Т. Рақмет, құрметті Ольга Валентиновна.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Бектенов Олжас Абайұлына жолданады.

«Құрметті Олжас Абайұлы! Қазіргі геосаяси тәуекелдерге байланысты мемлекеттің қорғаныс қабілетін нығайту мен төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында әскери-дала жағдайларына бейімделген медициналық кадрларды даярлаудың орнықты жүйесін қалыптастыру ерекше маңызды. Мемлекет тарапынан әскери дәрігерлерді даярлауды кезең-кезеңімен дамытуға ерекше назар аударылған. Алайда кадрлар дайындау жүйесін тек жоғары білім беру деңгейінде ғана емес, әскери медицина саласындағы бастапқы медициналық көмектің негізгі орта буын мамандарын – әскери фельдшерлерді даярлауды қолға алу қажет. Әскери дәрігерлер мен әскери фельдшерлерді даярлау өзара тығыз байланыста бірін-бірі толықтыратын бірыңғай жүйе ретінде қарастырылуы тиіс.

Бүгінгі таңда Қарулы Күштер мен азаматтық қорғаныс жүйесі тарапынан кадрларға деген қажеттілік артуда. Ел аумағының көлемі, шалғай елді мекендердің жағдайы, табиғи және техногендік тәуекелдерге байланысты мобильді әрі арнайы медициналық мамандарды даярлау стратегиялық мәнге ие болуда. Осыған орай Талдықорған жоғары медициналық колледжі базасында әскери фельдшерлер даярлайтын мамандандырылған бөлімше ашу мүмкіндігін қарастырған жөн.

90 жылдық тарихы бар оқу орнының медициналық кадрлар даярлауда тұрақты, беделді білім беру дәстүрлері қалыптасқан. Колледждің ұстаздар құрамын, материалдық-техникалық, әдістемелік базасын, әскери медицинаның ерекшеліктерін ескере отырып қаржылық шығындарсыз білім беру стандарттарын оқу жүйесіне енгізуге болады.

Талдықорған қаласында бірнеше ведомстволық медициналық ұйымдардың болуы тағылымдамалық, клиникалық және кәсіби дағдылары шынайы жағдайларға барынша жақын ортада тәжірибе алуға қолайлы және Алматы қаласындағы болашақ Әскери медицина академиясының арнайы тірегі ретінде қарастырылған Әскери медицина орталығы әскери фельдшерлер даярлауда қосымша ұйымдастыру мен әдістемелік көмек бере алады. Сонымен қатар әскери-медициналық қызметтің қиындығына байланысты медициналық бөлімшелерге қызмет талаптарына бейімделген, кәсіби құзыреттері, тәртіп пен физикалық даярлық деңгейлері жоғары ынталы кадрлармен қамтамасыз етуге жағдай туғызылады және медициналық колледждерге түсетін ер балалар саны артады.

Мамандарды даярлауда қолданыстағы «Емдеу ісі» бағдарламасы аясында тактикалық және апаттар медицинасы, әскери-дала терапиясы мен хирургиясы, далалық жағдайдағы медициналық көмекті ұйымдастыру компоненттерін қосу арқылы арнайы білім беру модульдері форматында артық әкімшілік жүктемесіз бағдарламаны жедел іске қосуға алғы шарттар жасалады. Аталған бастаманы іске асыру әскери медицина жүйесінің тұрақты кадрлық резервін қалыптастыруға, ұлттық қауіпсіздік деңгейін арттыруға және мемлекеттің заманауи сын-қатерлерге дайындығын күшейтуге мүмкіндік береді.

Осыған орай:

1) Талдықорған жоғары медициналық колледжі базасында әскери фельдшерлер даярлайтын мамандандырылған бөлімше ашу мүмкіндігін қарастыруды;

2) мүдделі мемлекеттік органдарға бірлесіп тиісті білім беру модульдері мен стандарттарын әзірлеу және енгізу мәселесін пысықтауды;

3) аталған сала мамандарына деген қажеттілікті айқындап, мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруды;

4) жобаны іске асыру бойынша мүдделі мемлекеттік органдардың функциялары мен жауапкершілігін айқындай отырып, ведомствоаралық үйлестіруді қамтамасыз етуді;

5) Қазақстан Республикасының қолданыстағы мамандықтар мен біліктіліктер сыныптауышысына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесін қарастыруды сұраймыз.

Сізге депутаттық сауалдың толық мәтіні жолданады және оны қарау бойынша заңда белгіленген мерзімде жауап күтеміз.

Құрметпен Сенат депутаттары Ғ. Сарыбаев, А. Лукин, Д. Қыдырәлі, С. Дүйсембинов, С. Ершов, А. Есбай, Б. Жексенбай, М. Қожаев, А. Нұғманов, А. Сатвалдиев, Г. Шиповских». Рақмет.

ПЕРЕПЕЧИНА О.В. Рақмет.

Құрметті әріптестер, басқа депутаттық сауалдар жоқ. Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын. Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ  
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

**МАЗМҰНЫ**  
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ**  
**СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ**  
**2026 жылғы 14 мамыр**

**Күн тәртібі бойынша**

О повестке дня ..... 1

**«Қазақстан Халық Кеңесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасы бойынша Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының бірлескен комиссиясының құрамына Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарын сайлау туралы**

Об избрании депутатов Сената Парламента Республики Казахстан в состав совместной комиссии Палат Парламента Республики Казахстан по проекту Конституционного закона Республики Казахстан «О Қазақстан Халық Кеңесі» ..... 1

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде**

О Законе Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Закон Республики Казахстан «О государственных наградах Республики Казахстан», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

**Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі**  
**А.Ж. ҚАПБАРОВАНЫҢ баяндамасы**

Доклад члена Комитета по социально-культурному развитию и науке  
КАПБАРОВОЙ А.Ж. .... 1

**Сөз сөйлеген:**

Выступила:

РАХМЕТОВА Ә.Қ. .... 3

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде**

О Законе Республики Казахстан «О ратификации Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Правительством Китайской Народной Республики о поощрении и взаимной защите инвестиций», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

**Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі**  
**С.М. ЕРШОВТЫҢ баяндамасы**

Доклад члена Комитета по международным отношениям, обороне и безопасности ЕРШОВА С.М. ....	4
--	---

**Сөз сөйлегендер:**

Выступили:

АРУБАЕВ С.Қ. ....	5
ҚУАНТЫРОВ Ә.С. – Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары, заместитель Министра иностранных дел Республики Казахстан .....	6
БЕКЕНОВ Н.Ж. ....	6
ҚУАНТЫРОВ Ә.С. ....	7
НАУТИЕВ Ә.И. ....	8
ҚУАНТЫРОВ Ә.С. ....	8
ЕСБАЙ А.Ғ. ....	9
ҚУАНТЫРОВ Ә.С. ....	9
НҰҒМАНОВ А.Ш. ....	10

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне еңбек заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде (бірінші оқылым)**

О Законе Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам совершенствования трудового законодательства», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан (первое чтение)

**Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі**

**Р.Р. РУСТЕМОВТИҢ баяндамасы**

Доклад члена Комитета по социально-культурному развитию и науке РУСТЕМОВА Р.Р. ....	12
---	----

**Сөз сөйлегендер:**

Выступили:

ҚОЖАЕВ М.Ш. ....	13
ТҰЯҚБАЕВ Е.Ж. – Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министрі, первый вице-министр труда и социальной защиты населения Республики Казахстан .....	14
ЖЕКСЕНБАЙ Б.Н. ....	14
ТҰЯҚБАЕВ Е.Ж. ....	15
МҰРАТОВ Т.М. – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау вице-министрі, вице-министр здравоохранения Республики Казахстан .....	15
НИЯЗОВА Н.И. ....	16
ТҰЯҚБАЕВ Е.Ж. ....	16
АҚҚОЖИНА Б.Б. ....	16
ТҰЯҚБАЕВ Е.Ж. ....	17
ЕСБАЙ А.Ғ. ....	18
ЖҮСП Н.Б. ....	18

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне еңбек заңнамасын жетілдіру**

**мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде (екінші оқылым)**

О Законе Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам совершенствования трудового законодательства», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан (второе чтение)

**Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі  
Р.Р. РҮСТЕМОВТІҢ баяндамасы**

Доклад члена Комитета по социально-культурному развитию и науке  
РУСТЕМОВА Р.Р. .... 19

**Депутат Р.Р. РҮСТЕМОВТІҢ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Қ.А. Бозымбаевқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата РУСТЕМОВА Р.Р. к заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан Бозумбаеву К.А. .... 20

**Депутат Б.Т. ОРЫНБАСАРОВТЫҢ Республикасының Премьер-Министрі О.А. Бектеновке депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата ОРЫНБАСАРОВА Б.Т. к Премьер-Министру Республики Казахстан Бектенову О.А. .... 22

**Депутат Ғ.Т. САРЫБАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі О.А. Бектеновке депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата САРЫБАЕВА Ғ.Т. к Премьер-Министру Республики Казахстан Бектенову О.А. .... 23

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы» РМК директоры

М. Искаков

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы» РМК Стенографиялау қызметінің басшысы

Г. Молдашева